



**SMART** мақсаттар мен міндеттер

SMART оқыту мақсаты мен

міндеттерін анықтауда

қолданылатын,

1981 жылы Джордж Доран

қайтара ұсынған ұғым.

Автордың айтуынша, SMART аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған. «Smart» сөзін ағылшын тілінен қазақшалағанда ақылды, тіпті қу немесе тапқыр, епті деген мағынаны білдіреді.

Алайда, біз әңгіме жасағалы отырған жағдайдағы SMART ол сөз емес.

Ол 1954 жылы Питер Друкер айналымға енгізген аббревиатура.



**Specific** - арнайы, нақты;

**Measurable** -өлшеуге болатын, шектеулі талап етушілік;

**Attainable, Achievable** -қолжетімділік;

**Relevant, Realistic**-шындыққа сай, қысқа да нұсқа берілуі;

**Time-bound, Timed**-белгілі бір уақыт арлығымен шектелген деген ұғымдарды білдіреді.

1. **Specific Maқсат** нақты болу керек деген алға қойылған мақсат екіұшты емес, айқын болу керек дегенді білдіреді. Атап айтқанда, «Жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз» деген мақсат ???.

Ал, ол айқын болу үшін егер жоспарды мерзімінен бұрын орындаймыз десек жоспарды мерзімінен қанша уақыт (сағат, тәулік, ай, жыл немесе т.б) бұрын орындайтынымыз нақтылануы керек.

**2.Мақсат өлшенетін** болу керек. Мысалы, «Жақсы адам болам» деген мақсатты өлшеу өте қиын, ал «Жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсатты өлшеуге болады.

3.Мақсат қолдан келерлік болу

керек. Мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған ба? Мысалы, негізгі мектепті тәмәмдап «Мен биыл жоғары оқу орнына түсемін» деген мақсат- қолдан келмейтін нәрсе.

4.Мақсат шынайы болу керек. Алға қойған мақсатты іске асыра алатындай мүмкіндіктер болғаны жөн. Мысалы, елуге келгеннен соң «Мен космонавт(турист емес) болам» деген мақсат- бұл жаста қол жетпейтін жағдай.

5. Мақсаттың мерзімі анықталған болу керек.

Мақсат қоюды қарапайым өмірден алынған мысалмен түсіндіріп көрелік. Сыртта аяз, үйдің іші салқын болса, мен «Отынмен үйді жылытуым керек» деген мақсат қоямын. Осы қойылған мақсат дұрыс па? Жоқ, себебі мақсат нақты емес, немен жылытуым керек екенін білмеймін. Ал SMART бойынша жүйелесек:

Мақсат: Ағашпен үйді жылыту.

Міндет:

1. Ағашты кесу.
2. Үйге әкелу.
3. Отты тұтату, жағу.

Нәтиже: Үй жылынды.